

«Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы

19 қазан 2018 жыл ауданымыздағы Жайық Бектұров атындағы №3 Ақкөл орта мектебінде Қазақстан халқы Ақмола Ассамблеясымен «Қазақ тілі және мәдениеті» қоғамдық бірлестігі Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану»



ғылыми-ағартушылық жобасын іске асыру аясында көшпелі іс-шара өткізді. Іс-шараға Қиықов Мейрамбек Қиықұлы-Ақмола облыстық «Қазақ тілі және мәдениеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және

Мәкенова Бисара Мәкенқызы - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әрітисі қатысты. Іс-шараның ашылу салтанатына арналған сөз Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Әбілқайырова Гүлнар Есенқызына беріледі. Сонымен қатар іс-шара барсында мектептің фойесінде сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің көрме-байқауы, спортзалда асық ойыны бойынша сынып-шеберхана мәжіліс залында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қара сөздерін оқу байқауы болды.

*Сырғалы Тәбілтай
тілдерді оқыту орталығының әдіскері*

Қазақстанның әйгілі спорт майталмандары Ақкөл балалар үйінде кездесуде болды

Мемлекет басшысы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттаудың маңыздылығын үнемі назарда ұстау - спортта биік табыстарға жету үшін ғана емес, бұқараның белсенді денешынықтыру, спортпен шұғылдануына қажетті жағдайларды жасау қажеттілігін үнемі ескертуде.

2018 жылдың 22 қазанында "Ақниет" қайырымдылық қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетінің жәрдем беруімен және Бокс федерациясының ұйымдастыруымен Ақкөл балалар үйінің тәрбиелеушілерімен атақты спортшылар, бокстан халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері Мерей Ақшалов, Илияс Сүлейменовтермен кездесу өткізді. Кездесу өте әсерлі болып, балалар спорттағы өз жетістіктерімен бөлісті. Кездесу барысында мекеме директоры Р.Қанатова әйгілі спортшыларды алтын уақыттарын бөліп, балаларға денсаулық үшін аса маңызды спорт жөнінде өңгімелеп бергендері үшін алғысын білдіріп, жеңіс тұғырынан көріне берулерін тіледі. Балалар өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын тапсырды. Қордың атқарушы директоры Баян Шаяхметова да қор атынан ризалығын білдіріп, балаларға естелік сыйлықтарын тапсырды.

«Жасөспірімдермен ұйымдастырылған осындай кездесулерге үлкен әлеуметтік жауапкершілік жүктелетіні белгілі. Мүмкін ерендердің осы әңгімеден кейін спорттың бокс түріне ықыластары ауып, шұғылдануға қызығушылық танытар. Біз спорт елшілері ретінде салауатты өмір салтын насихаттап, спортпен жастарды айналысуға қызықтырсақ, маңызды іс тындырғанымыз деп білеміз», - деп ағынан жарылды спорт майталмандары. Бала денсаулығы басты назарда болғаны өте жақсы. Ал спортпен шұғылдану - деннің саулығының басты кепілі. Жастар осыны ұқса игі.

«AktaNimes» газетінің баспасөз орталығы.

Қазақ ойшылдары и

Иман ұғымы әр қазаққа етене жақын және таныс сөз. Бата берілсе, ақсақалдар «Алла Тағала тіріге береке, өліге иман берсін» деп жатады, ал жақыны қайтыс болған адамға «Марқұмның иманы жолдас болсын, иманды болсын» деп көңіл айтылатыны белгілі. Демек, иман пенденің жаратушысы алдындағы ең үлкен байлығы, қияметтегі азығы. Ал біз осы сөздің мағынасын қаншалықты жақсы түсінеміз, міне сол туралы бүгін ой жүгіртсек және иман түсінігін саралап, ойшылдарымыздың қаламынан шыққан еңбектеріне бір сәт үңілсек.

Жалпы иман ұғымы пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Алла Тағала тарапынан жеткізген сөздерін қуаттап, айтқанын қабыл ету, күмәнға жол берместен нақты, жүректен, шын ықыласпен сену деген мағынаны береді. Иман еткен адамды «момын» дейді.

Абайдың қара сөздерінде «иман» сөзі 48 рет, «момын» сөзі 6 рет, «мұсылман» сөзі 15 рет кездеседі. 13-қара сөзінде Абай атамыз: иман деген Алла табарақа уа Тағаланың бірлігіне, барлығына, пайғамбарымыз салпалауы ғалайи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, илану деп түсіндіреді. Бұл иманның жалпылама анықтамасы. Әр нәрседе адамдар мен заттар деңгейге бөлінген сияқты, иманның да әлсіз немесе күшті деген сияқты деңгейлері болады. Бұл жайында Ыбырай Алтынсарин атамыз «Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегінде, ұлы Абай 13-қара сөзінде, Шәкірім Құдайбердіұлы «Мұсылманшылық шартында» айтып өтеді.

Иманның түрлері келесідей:

- Ижмали иман
- Тафсили иман
- Тақлиди иман
- Тахқиқи иман

Ижмали иман деген ауыз сөзбен пайғамбар Мұхаммедтің (оған игілігі мен сәлемі Алла Тағала тарапынан берілген барлық нәрсену. Бұл иман еткеннің қысқа жолы. Мәселен, айтқанда «Лайлан Мұхамед расул алла...» (Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылманшылық 4-бет»). Бұл кәлима тарап аталады.

... Мұсылманшылық бас күелік - сөзіміз неміс тілінше шәһәда - ишәһәда «әшһәду ән лә иләһә илләллаһу уәәшһәду әннәһү әбдүһү уәрасулүһү» бекеті. Яғни «күелік бергенім бірі Құдайдан бөтен және күелік беремін, Мәселен, оның құлы нәм елшісі еді деп, шариғат мұрағаттарына растағанда ол көңілмен растамақ... Алтынсарин «Мұсылманшылық тұтқасы», 2-бет). Бұл шахада деп аталады.

Тафсили иман деген иман етілетін, яғни сену керек болған нәрселер қайсысына жеке-жеке сенген сөз. Бұл иман түрі ең ауқымдысы. Мәселен «иландым Алла нәм періштелеріне кітаптарына, нәм расулу нәм ақырет күніне, жамандық Алла тарапынан тағдырынан екеніне, нәм соң тірілімімізге»... Алтынсарин «Мұсылманшылық тұтқасы», 3-бет).

Тақлиди иман деген әке-шешеден, ұстаздан үйрене отырып, көп иман. Мәселен, «...өз ақылмен Құдайды танымайын бабаларының ұстаздарымен жатқан жолы ғой деген келтіргендердің иманы. Әрине, бұл иман надағандық болады, соның үшін ең қажетті болса керек...» (Ыбырай Алтынсарин «Мұсылманшылық тұтқасы», 3-бет).

Қай өрнекті таң

Таңдауыңыз болмысыңыз

1. Ашық әрі атымтай

Сіз үнемі дамуға тырысасыз. Жақсы болса одан

